



## Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 23 сәуірдегі № 853 Жарлығы.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.
2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

К. Токәев

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2025 жылғы 23 сәуірдегі  
№ 853 Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

## Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

1. "Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарындағы кадр саясатының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 537 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарындағы кадр саясаты мәселелері жөніндегі комиссия туралы ережеде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Комиссияның негізгі міндеті осы Ереженің 4-тармағында көрсетілген құқық қорғау органдары лауазымдарға орналасуға үміткер адамдарды тағайындау туралы ұсынуларды қарau және Қазақстан Республикасының Президентіне немесе мемлекеттік органдардың (ведомстволардың) бірінші басшыларына ұсыныстар дайындау болып табылады.";

5, 16 және 18-тармақтар алып тасталсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарындағы кадр саясаты мәселелері жөніндегі комиссияның құрамында:

"Қазақстан Республикасының Әділет министрі" деген жол мынадай реакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі".

2. "Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдары, азаматтық қорғау органдары басшылығының президенттік резервін қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 624 Жарлығында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының президенттік кадр резервін қалыптастыру туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының президенттік кадр резервін қалыптастыру қағидалары бекітілсін.";

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдары, азаматтық қорғау органдары басшылығының президенттік резервін қалыптастыру қағидалары осы өзгерістер мен толықтыруларға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 22 шілдедегі № 74 Жарлығында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-1-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына және "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабының 8-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**";

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 14.07.2025 № 944 Жарлығымен.**

4. "Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығында:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында:

"Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамыту пайымы" деген 4-бөлімде төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында 2026 жылдың қорытындысы бойынша Transparency International Сыйбайлас жемқорлықты түйсіну индексінде 35 – 39 балл ауқымында енү Қазақстан үшін стратегиялық мақсат болып табылады.";

"Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер" деген 6-бөлімде 6.1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Transparency International сыйбайлас жемқорлықты түйсіну индексі – 35 – 39 балл";

Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қары саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында:

Стратегиялық көрсеткіш: Transparency International сыйбайлас жемқорлықты түйсіну индексі, балл: 2022 жылды – 42, 2023 жылды – 43, 2024 жылды – 44, 2025 жылды – 45, 2026 жылды – 47	СЖҚІА, ОМО, ЖАО
---	-----------------

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

Стратегиялық көрсеткіш: Transparency International сыйбайлас жемқорлықты түйсіну индексі, балл: 2022 жылды – 42, 2023 жылды – 43, 2024 жылды – 44, 2025 жылды – 35 – 39, 2026 жылды – 35 – 39	СЖҚІА, ОМО, ЖАО
---	-----------------

".

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2025 жылғы 23 сәуірдегі

№ 853 Жарлығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы

Президентінің кейбір

жарлықтарына енгізілетін

өзгерістер мен толықтыруларға

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2013 жылғы 28 тамыздағы

№ 624 Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

## Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының президенттік кадр резервін қалыптастыру ҚАҒИДАЛАРЫ

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының президенттік кадр резервін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерін (бұдан әрі – қызметкерлер) Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының президенттік кадр резервіне (бұдан әрі – Президенттік кадр резерві) іріктеудің, алудың, оларды даярлаудың және одан шығарудың ерекше тәртібін айқындауды.

2. Президенттік кадр резерві – Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының бос тұрган жоғары басшы лауазымдарына ұсыну үшін осы Қағидаларда көзделген іріктеудің ерекше тәртібінен өткен қызметкерлердің тізімі.

3. Президенттік кадр резервін қалыптастыру мақсаты – Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарындағы бос тұрған жоғары басшы лауазымдарға орналастыру үшін қызметкерлерді сапалы іріктеу және оларды даярлау арқылы кәсіби кадр құрамын құру.

4. Президенттік кадр резервін қалыптастыру "Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 31 шілдедегі № 290 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Президенті тағайындалатын және босататын және (немесе) онымен келісу бойынша тағайындалатын және босатылатын, Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша сайланатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша тағайындалатын және босатылатын мемлекеттік саяси қызметшілер, лауазымды және өзге де адамдар лауазымдарының тізбесінде көзделген лауазымдарға қатысты жүзеге асырылады.

5. Президенттік кадр резервін бекітуді осы Қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысымен келісілген Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Әскери қауіпсіздік және қорғаныс бөлімінің (бұдан әрі – Әскери қауіпсіздік және қорғаныс бөлімі) ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құзет қызметі (бұдан әрі – Мемлекеттік құзет қызметі) қызметкерлерінің Президенттік кадр резервін бекітуді Мемлекеттік құзет қызметі бастығының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы жүзеге асырады.

6. Президенттік кадр резервін қалыптастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру Әскери қауіпсіздік және қорғаныс бөліміне жүктеледі.

Президенттік кадр резервіне ұсынылған Мемлекеттік құзет қызметі қызметкерлерінің тізімін қалыптастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген құжаттарды дайындау Мемлекеттік құзет қызметіне жүктеледі.

7. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының бірінші басшыларының лауазымдарына қолданылмайды.

## **2-тaraу. Президенттік кадр резервін қалыптастыру**

8. Президенттік кадр резервін қалыптастыру тоқсан сайын Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының басшы лауазымдарына орналасуға кандидаттарға ағымдағы және перспективадағы қажеттіліктің болжамы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Президенттік кадр резерві:

1) болжанатын лауазымға орналасу көзделген, қызмет өтілі, кәсіби даярлық деңгейі жөніндегі талаптарды қамтитын біліктілік талаптарына сәйкес келетін;

2) аттестаттау комиссиясының шешімі бойынша атқаратын лауазымына сәйкес келетін, оның ішінде кадр резервіне алуға немесе жоғары тұрган лауазымға жоғарылатуға ұсынылған;

3) материалдарды жолдаған сәтте тәртіптік жазалары болмаған қызметкерлердің қатарынан қалыптастырылады.

Мемлекеттік органдарға және халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберілген қызметкерлер біліктілік талаптарына сәйкес келген кезде Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органының бірінші басшысы Президенттік кадр резервіне ұсынуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігіне іссапарға жіберілген, қойылатын талаптарға сәйкес келетін қызметкерлер Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшесі басшысының қызметкерді іссапарға жіберген Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органының бірінші басшысымен келісілген ұсынуы бойынша Президенттік кадр резервіне алыныу мүмкін.

9. Президенттік кадр резервіне алу үшін кандидаттарды іріктеу қызметкерлердің жеке және іскерлік қасиеттерін, олардың қызметтік іс-әрекетінің нәтижелерін зерделеу мен бағалау және аттестаттау комиссиясының шешімі негізінде жүргізілді.

10. Тиісті тоқсанның соңғы айының 1-күніне дейін Президенттік кадр резервіне алу үшін ұсынылған қызметкерлердің тізімдері Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жіберілуге жатады.

Президенттік кадр резервіне алу үшін ұсынылған қызметкерлердің тізімдеріне мынадай материалдар қоса берілуге тиіс:

1) Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдың бірінші басшысының ұсынуы;

қызметкердің іскерлік және жеке қасиеттері, атқаратын лауазымындағы қызметтік іс-әрекетінің негізгі көрсеткіштері (соңғы үш жылғы серпінде);

болжанатын лауазымға орналасу үшін көзделген біліктілік талаптарына сәйкес келетіні;

аттестаттау комиссиясының шешімі, ал аттестаттауға жатпайтын адамдарға қатысты қызметтік жұмысы нәтижелерінің нақты көрсеткіштері көрсетіліп;

2) белгіленген нысандағы фотосуреті бар қызметтік анықтама (қызметтік тізім);

3) қызметкердің міндетті арнаулы тексеруден өткені туралы мәліметтер.

Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдың бірінші басшысы іссапарға жіберілген қызметкерлерге қатысты сипаттаушы материалдарды тиісті қызметкер қызмет өткеріп жатқан органдың (ұйымның) басшысынан сұратуға құқылы.

Ұсынылған материалдардың толық еместігі анықталған немесе оларда қандай да бір нақты емес мәліметтер көрсетілген жағдайда Президенттік кадр резервіне алу үшін

ұсынылған қызметкерлерге қатысты материалдар Әскери қауіпсіздік және қорғаныс бөлімінен кері қайтарылмай, Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының кадр бөлімшелері жоғарыда аталған кемшіліктерді жоя алады.

Кандидатты Президенттік кадр резервіне алуға қатысты материалдарды және лауазымға тағайындауды келісуге арналған ұсынуды бір мезгілде жіберуге жол берілмейді.

11. Әскери қауіпсіздік және қорғаныс бөлімі тоқсан сайын:

1) тиісті тоқсанның соңғы айының 15-күніне дейін ұсынылған материалдардың анықтығын, толық болуын және Президенттік кадр резервіне ұсынылған қызметкерлердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келуін тексеруді жүзеге асырады, қажет болған кезде мәліметтерді сұрату арқылы қосымша тексеру іс-шараларын жүргізеді;

2) тиісті тоқсанның соңғы айының 30-күніне дейін материалдарды қарау нәтижелері бойынша Президенттік кадр резервіне алу үшін ұсынылған қызметкерлер тізімін қалыптастырады;

3) Президенттік кадр резерві бекітілгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының бірінші басшыларына хабарлайды.

12. Әскери қауіпсіздік және қорғаныс бөлімі Президенттік кадр резервіне кандидаттардың тізімі қалыптастырылғаннан және Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кенесінің Хатшысымен келісілгеннен кейін оны Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының бекітуіне енгізеді.

Президенттік кадр резервіне алуға ұсынуларды қарау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) Президенттік кадр резервіне алынсын;
- 2) Президенттік кадр резервіне алудан бас тартылсын.

13. Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының кадр бөлімшелері Президенттік кадр резервінің бекітілген тізімінен үзіндіні алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қызметкерлерді Президенттік кадр резервіне алынғаны туралы хабардар етеді.

14. Қызметкердің Президенттік кадр резервінде болу мерзімі үш жылдан аспауға тиіс. Президенттік кадр резервіне алынған, бірақ онда болу кезеңінде бос тұрған жоғары басшылауазымдарға тағайындалмаған адамдар жалпы негізде жаңадан алынуы мүмкін.

Егер Қазақстан Республикасының Президенті немесе оның Әкімшілігінің Басшысы өзгедей шешім қабылдамаса, жоғары тұрған басшылауазымдарға тағайындау үшін Президенттік кадр резервінде болудың ең аз мерзімі кемінде үш айды құрауға тиіс.

15. Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органының бірінші басшысы осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен Президенттік кадр резервіне қосымша кандидатураларды ұсынуға құқылы.

16. Президенттік кадр резервінде тұрған қызметкерлер болжанып отырған басшылауазымдарға тағайындауға қажетті кәсіби дағдыларын, басқару құзыretін жетілдіру үшін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясында кәсіби қайта даярлаудан және біліктілікті арттырудан етеді.

17. Мемлекеттік органдарға және халықаралық ұйымдарға іссапармен барған қызметкерлерді қоспағанда, Президенттік кадр резервіне алынған қызметкерлерге "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен олар Президенттік кадр резервіне алынған лауазымдар бойынша міндеттерді уақытша атқару жүктелуі мүмкін.

### **3-тарау. Президенттік кадр резервінен шығару**

#### **18. Қызметкер:**

- 1) қасақана құқық бұзушылық жасағаны үшін, оны сот тәртібімен әкімшілік жауаптылыққа тартқан;
- 2) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін, оны тәртіптік жауаптылыққа тартқан;
- 3) оған қызметіне толық сәйкес келмейтіні туралы ескерту, атқаратын лауазымынан босату (лауазымын бір сатыға төмендету), арнаулы (әскери) атағын бір сатыға төмендету түрінде тәртіптік жаза қолданылған;
- 4) ол Президенттік кадр резервінен шығару туралы баянат берген;
- 5) осы Қағидалардың 14-тармағында көзделген мерзім өткен;
- 6) оны Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарындағы қызметтен шығарған;
- 7) оны Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарына, Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау органдарына, Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға ауыстырыған (іссапарға жіберген);
- 8) атtestаттаудың нәтижелері бойынша оның лауазымы төмендетілген не атқарып отырған лауазымынан төмен тұрған лауазымға ауыстырыған жағдайларда, оны Президенттік кадр резервінен шығару жүргізіледі.

19. Қызметкерді Президенттік кадр резервінен шығару туралы шешімді осы Қағидалардың 18-тармағында көзделген негіздер болған кезде Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының кадр бөлімшелері Әскери қауіпсіздік және қорғаныс бөліміне ұсынған материалдарға сәйкес Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы қабылдайды.

20. Осы Қағидалардың 18-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Президенттік кадр резервінен шығарылған қызметкерлер шығарудың негіздері жойылғаннан кейін бір жыл өткен соң осы Қағидаларда көзделген тәртіппен Президенттік кадр резервіне алынуы мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК